

Ордабасы ауданында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 310 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 6352-13 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 болып тіркелген) сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ордабасы ауданында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ордабасы ауданы әкімдігінің "Ордабасы ауданында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" 2020 жылғы 27 қазандағы № 457 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5864 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ордабасы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ордабасы ауданының әкімі

А. Оралбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ордабасы ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Ғ.Нұрымбетов

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 310
қаулысына қосымша

Ордабасы ауданында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

--	--	--	--

№	Ауыл округінің атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қажымұхан	Темірлан	2,15
2		Амангелді	1,9
3		Қажымұхан	2,05
4		Ынталы	2
5		Көктөбе	1,72
6		Боралдай	1,9
7		Қызыл сеңгір	1,85
8	Бадам	Бадам	2,05
9		Мамыр	1,95
10		Дербес	2
11		Ордабасы	1,82
12		Ақбұлақ	2
13		Қарабастау	1,82
14	Бөген	Бөген	1,84
15		Кемер	1,57
16	Бөржар	Қайнар	2
17		Ұялыжар	2
18		Ынтымақ	1,85
19		Ықыластемір	1,85
20		Теспе	1,8
21		Жамбыл	1,8
22		Бірлік	1,8
23		Қалаш	1,67
24	Жеңіс	Жеңіс	1,62
25		Дихан	1,57
26	Қараспан	Қараспан	1,95
27		Бейсен Онтаев	1,85
28		Ақжол	1,8
29		Берген Исаханов	1,8
30		Жұлдыз	1,7
31		Ынтымақ	1,7
32		Төреарық	1,8
33		Көлтоған	1,8
34		Ақпан	1,67
35		Қараспан-2 (Батыр ата)	1,8
36		Жаңатұрмыс	1,67
37		Мәдениет	1,65
38		Мақташы	1,8
39		Сарыарық	1,72
40	Қарақұм	Қарақұм	1,75

41	Төрткөл	Төрткөл	2
42		Ақсары	1,62
43		Арыстанды	1,62
44		Еңбекші	1,64
45		Жайылма	1,62
46		Қызылжар	1,7
47		Елшібек батыр	1,7
48		Көкарал	1,64
49		Нұра	1,62
50		Спатаев	1,7
51	Шұбар	Шұбар	1,94
52		Аққойлы	1,72
53		Береке	1,89
54		Жусансай	1,77
55		Сарытоғай	1,84
56		Тоқсансай	1,84
57	Шұбарсу	Шұбарсу	1,99

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК